

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№9 «ЖҮЛДЫЗ-АЙ»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ
031100
Хромтау қаласы, Республика көшесі 59 «Б»
e-mail: zhuldyzai010822@mail.ru
БСН:220740047501

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ
САД №9 «ЖУЛДЫЗ-АЙ» ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
031100
г.Хромтау, ул. Республика 59 «Б»
e-mail: zhuldyzai010822@mail.ru
БИН:220740047501

Бұйрық №54 н/к

№9 «Жұлдыз-Ай» МКҚК бойынша

31.08.2023ж.

«Кеңес беру пункті туралы»

Бұйырамын:

ҚР 2013 жылдың 17 мамырында «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі» №499 (13) қаулысына сай,

2023 жылдың 01-ші қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі ұйым базасында ерте және мектепалды жастағы балаларды тәрбиелейтін жанұяларға педагогикалық көмек көрсету мақсатында кеңес беру пунктін жұмысы ұйымдастырылсын.

1. Қызметті қамтамасыз ету үшін келесі құжаттар жасақталу қажет:

- қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығы;
- жылдық жұмыс жоспары;
- жұмыс кестесі;
- ата-аналарға арналған сауалнама;
- келісім шарт;
- ата-аналар сұраныстарын алдын -ала тіркеу журналы;
- өткізілген жұмыстың есеп журналы және т.б


2. Кеңес беру пунктінде қызмет көрсету балабақшаның психологы А.А.Сидакова, әдіскер К.К.Изжанова, дефектолог-логопед Ж.К.Нұржанова, медбике Г.Бижановаға жүктеледі.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау балабақша психологы А.а.Сидаковаға жүктелсін.

«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»
МКҚК-ның басшысының м.а

Кияшева Б.С.

Бұйрықпен таныстым:



А.А.Сидакова



«№9 «Жуулан Ай» бөбекжай-
балалык мектеп» МБЖК-ның



2023 ж.

**№9 «Жұлдыз – Ай» бөбекжай – балабақшасындағы ата – аналарға
арналған консультациялық пункттің
2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Хромтау, 2023 ж.

«Бекітемін»:

№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

МКҚК-ның басшысы м.а. *Диялова*

Б.С.Кияшева

« » 2023жыл

**«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай– бақшасы» МКҚК-ның
2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымдарға
бармайтын балалардың ата-аналары үшін
«Ата - аналарға арналған консультациялық пункт» жұмысының жылдық
жоспары**

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға (заңды өкілдерге) тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша педагогикалық қолдау, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;
- белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуға тарту болып табылады.

№	Іс - шаралар мазмұны	Жауапты мамандар	Өткізілетін мерзімі
1	Ата– аналар консультациялық пунктінің жоспарын құру, мамандарды анықтау, балабақшамен камтылмаған ата-ананы тіркеу. Консультациялық пункттің 2023-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту. Баланы бала бақшаға бейімдеу, Мамандардың жұмыс кестесі	Меңгеруші Б.С Кияшева КП мамандары	Қыркүйек
2	Ата-анаға кеңес «Баланың балабақшаға бейімделуі»	Әдіскер Изжанова К.К.	Қазан

3	«Біз саусактарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз»	Педагог – психолог Сидакова А.А.	Қараша
4	«Тамақтану –салауатты өмір салтының негізі»	Медбике Бижанова Г	желтоқсан
5	«Көліктерді тап» ойыны	Дефектолог- логопед Нуржанова Ж.К.	қаңтар
6	«Балабақшада балаларды сауықтыру»	Дене шынықтыру жетекшісі Койшыбаева Г.Қ.	ақпан
7	«Қолғап» ертегісі	Тәрбиеші Умирзакова А	Наурыз
8	Музыкалық түрлі аспаптардың үндерімен таныстыру.	Музыка жетекшісі Ильтаева Ж	Сәуір
9	«Сүйікті балабақшам» экскурсия	Әдіскер Изжанова К.К.	Мамыр



Кеңес беру пункті

Жұмыс тәртібі: *дүйсенбі, сәрсенбі, жұма*

Дүйсенбі - Медбике 09:00 - 14:00
Әдіскер 14:00 - 18:00

Сәрсенбі - Дефектолог 09:00 - 12:00
Педагог - психолог 14:00 - 18:00

Жұма - Логопед 09:00 - 13:00

Анықтама

Қатысушылар: Ата-ана

Күні: 28.10.2023 жыл

Қатысқандар: 3

Тақырыбы: Баланың балабақшаға бейімделуі

(Баланың бейімделу үрдісін психологиялық сүйімелдеу)

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуі – әр балада әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процесі-бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режимді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдыларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді. Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайды.

Бейімделудің ауыр жолымен өткен кейбір балалардың бейімделуі 3-4 айға созылады. Жеңіл бейімделу кезеңі 1-2 күн болды. Ұзаққа созылған бейімделу кезеңі көптеген факторларға байланысты болады: баланың денсаулығына, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, үйдегі ата-ана ықпалына т/б себептерге байланысты. Баланың балабақшаға бейімделуі әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкендермен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен.
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.

Кей тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, Орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан) Балабақшаға бала қалғанда алғаш екі сағатқа ғана қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады. Қобалжуы қиын ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая түседі. Осы кезде ата-аналар балаға көмек берулері керек. Ертеңгілік қоштасуларды жеңілдету тәсілдері: Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжғаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады. Балаңыз сізге сенсін десеніз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз. Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін табыңыз және соны қатал ұстаңыз. Балаңыз балабақшаға барғаны үшін алдарқатып ойыншық сатып алмаңыз. Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай

көндірукиын болады.1,5-2 жастағы балалар үшін балабақшағабейімделу күрделі құбылыс.Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көпөзгеріске түседі.Үйде балабақша күн тәртібін қатан сақтаңыз.Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегітамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.Үйдегі жағдайда баланың өз өзіне қызмет етудің алғы шарттарына үйретеберіңіз;жуыну, сүртіну, шешіну ,өз бетінше тамақтану, тамақ ішкенде қасықтыпайдалану, горшокка сұрану. Киімдері міндетті түрде ыңғайлы болуы шарт.Баланың «Социалдық көкжиегін»кеңейтіңіз ауладағы өзімен құрдасбалалармен көбірекойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесіндеқонуга қалсын. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары менүлкендер арасында тез үйренісіп тіл табысатынболады.

Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбінесе ата-ана тарапынан болуы керек, оның өзіне керек екендігін түсіндіріп балаңыздысүйіп, айналап, жиі оған оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.Есіңізде болсын сізкөбірек осындай жылылық білдірмеңіз сіздің балаңыз балабақшаға тезбейімделеді.

Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-анасымен және баламен психолог Сидакова А.А. кеңес берді

Хатшы: Сидакова А.А.

Ата-аналармен және балалармен жұмыс



Анықтама

Қатысушылар:Ата-ана

Күні:28.11.2023жыл

Қатысқандар:3

Тақырыбы:«Біз саусақтарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз»

Мақсаты: Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған саусак ойыны баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамытады, ынтасын арттырады және шығармашылық әрекетіне жол ашады.

Ойын барысы:

«Моншақтармен ойын»

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ

Ойын шарты: Балаға әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойын

Ойын шарты: Баулар таратылады олардың әр жерден түйілген түйіншектерін қолдарымен ұстайды. Бұл ойынды ойнау арқылы сенсомоторлық бағдарлауы, ұсақ моторикасы, жазықтықта бағдарлауы, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игерулеріне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-анасымен және баламен психолог Сидакова А.А.. «Моншақтармен ойын» «Баулармен» ойындароткізді.

Хатшы: Сидакова А.А.



Тамақтану салауатты өмір салтының негізі

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тамақтануы сапалы да, сандық жағынан да дұрыс болуы тиіс. Баланың рационның майлармен, түзбен және кантпен артық болуы және ондағы көкөністер мен жемістердің жеткіліксіз болуы: балалар ағзасының дистрофиялық өзгерістеріне, иммунитеттің төмендеуіне, оның өсуі мен дамуына қажетті организмдегі микроэлементтердің жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс тамақтанбауы үлкен жастағы кезеңдерде елеулі проблемаларға әкелуі мүмкін.

1. Балалардың дұрыс тамақтануының бірінші және ең маңызды қағидаттарының бірі-бұл энергетикалық теңгерімділік. Кейде біз Сізбен бірге өз балаңыздың барлығын тамақтандыруға тырысамыз. Балаға ол алатын тағамның көлемі ғана емес, оның энергетикалық құндылығы да маңызды екенін есте сақтау керек. Қазіргі уақытта үн өнімдерінің, картоптың, канттың көп мөлшері қолданылады, сол арқылы балалар ағзасын теңгерімсіздікке әкеледі: бала жұмсауға қарағанда көп тұтынады. Мұның бәрі семіздікке және басқа да ауыр ауруларға әкелуі мүмкін. Фастфудта "сән" (майларға бай) және компьютер артындағы балалардың аз қозғалатын бейнесін ескере отырып, артық салмақ деңгейі тез өсуде. Сак болыңыз! Көмірсулар мен майларды артық тұтыну зат алмасуының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Тамақтанудың теңгерімділігі ағзаның энерготраттарын толығымен жабатын өнімдерді тұтынудың оңтайлы арақатынасын білдіреді. Мысалы, 1-7 жастағы балалардағы энерготраттар 1 кг дене салмағына 80-100 ккал құрайды. Ағзадағы қоректік заттардың келуі ағза оларды тікелей тағамнан алып, арнайы тағамдық қоспалар мен ішектің көмегімен өңдейді немесе өзі синтездейді. Сондықтан барлық тағамдық заттар ағзада синтезделмейтіндіктен Ұсынылатын өнім жиынтығын білу өте маңызды.

Баланы дұрыс тамақтандыру және асқазан-ішек жолы қызметіндегі барлық ауытқуларды түзету маңызды. Тамақ рационнан асқорыту жүйесінің мүшелеріне тітіркендіргіш әсер етуі мүмкін өнімдер мен тағамдарды алып тастау.

2. Баланың рационын жасау кезінде тағамдардың әртүрлілігі және аспаздық өңдеудің әртүрлілігі маңызды болып табылады. Бұл бала барлық макро және микронутриенттерді (ақуыздар, майлар, көмірсулар, витаминдер, минералды заттар) алуы үшін қажет. Ақуыздар, өйткені олар барлық органдар мен ұлпалар үшін құрылыс материалы болып табылады. Оларды ет, балық, сүт өнімдері, жұмыртқа және т.б. сияқты өнімдерден алуға болады, балалар ағзасына жануар және өсімдік тектес ақуыздар (амин қышқылдарын алу үшін) түсуі керек. Балалардың белсенді қозғалысы үшін көп күш қажет. Негізгі энергия жеткізушісі көмірсулар (кант, бал, жидектер, көкөністер, жарма, үн) болып табылады. Көмірсулар, мысалы, ақуыздар мен майлардан артық болуы керек. Майлар-қаймақ, ірімшік, ет, балық алуға болатын қосымша энергия депосы.

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануының маңызды шарты тамақтану тәртібін сақтау болып табылады. Бұл бір күн ішінде калориялығы бойынша тамақтың сандық және сапалы бөлінуі ғана емес, сондай-ақ тамақтардың саны мен олардың арасындағы интервалдар да. Балада тамақтану режимінің болмауы және оның тұрақсыз болуы бірінші кезекте ағзаның күйзелісіне және әртүрлі ауруларға әкелуі мүмкін.

Тамақтану режимі тағамды менгеру үшін жақсы жағдай жасайды. Режимнің сақталмауы тәбеттің жоғалуына және ас қорыту шырындарының бөлінуінің төмендеуіне әкеледі.

4. Егер балалардың рацион туралы айтатын болсақ, өмірлік үдерістердің жүруінде үлкен маңызы бар және жылуландыруда үлкен рөл атқаратын су туралы ұмытуға болмайды. 3-7 жастағы балалар үшін сұйықтыққа қажеттілік тәулігіне 1 кг дене салмағына шамамен 60 мл құрайды.

5. Әсіресе мектеп жасына дейінгі кезеңде витаминдердің ағзаға жеткілікті түсуі маңызды, ол әр түрлі органдар мен жүйелердің қарқынды дамуымен және қалыптасуымен, алмасу процестерінің ителеністігімен, орталық жүйке жүйесінің құрылымы мен функцияларын жетілдірумен ерекшеленеді.


Әдетте балаларға С витамині, а топтары, сондай-ақ А витамині мен бетакаротин жетіспейді. Бұл балалар денсаулығының жай-күйіне теріс әсер етеді, шаршағыншық, әлсіздік, физикалық даму қарқынының баяулауы, иммунологиялық қорғаудың әлсіреуі байқалады, бұл аурудың өсуіне, патологиялық процестердің ұзаққа созылуына әкеледі. Гиповитаминоздар балаларда әртүрлі созылмалы патологиясы бар болғанда, әсіресе ас қорыту органдары жағынан қиындайды.

Көбінесе гиповитаминоздар тамақтану ағзасындағы бұзылулар нәтижесінде дамиды – рационға жаңа піскен көкөністер мен жемістер, сүт өнімдері, ет, балық жеткіліксіз қосылған кезде. Балалардың рационна алдын алу мақсатында витаминдердің негізгі көздері болып табылатын өнімдердің жеткілікті мөлшерін үнемі қосу қажет. Сонымен, С витаминінің негізгі көздері әртүрлі көкөністер, жемістер, жидектер, көк және картоп болып табылады.

B1 витамині (тиамин) ас қорыту және орталық жүйке жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін үлкен маңызға ие, зат алмасу процестеріне белсенді қатысады. Оның жеткіліксіздігі кезінде ағзада шаршағыншық, бұшық ет әлсіздігі, тітіркенгіштік, табеттің төмендеуі байқалады.

B2 витамині (рибофлавин) көмірсулар мен белоктық алмасуда үлкен рөл атқарады, ағзада энергия шығаруға ықпал етеді, орталық жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, тағамның жақсы сіңірілуіне ықпал етеді, қалыпты жағдайда тері мен шырышты қабықтардың жағдайын қолдайды. Бұл витамин жеткіліксіз болғанда дене салмағының төмендеуі байқалады, әлсіздік дамиды, тері құрғақ болады, ауыз бұрышында жарықтар мен қабықтар ("ауыздық") пайда болады. B2 витаминінің айқын жетіспеушілігі кезінде көздің шырышты қабығының қабынуы (конъюнктивит) және ауыз қуысының қабынуы (стоматит) дамуы мүмкін. B2 витаминінің негізгі көздері сүт өнімдері, ет, жұмыртқа болып табылады.

A витамині (ретинол) қалыпты көруді, өсу процестерін, тері жабындары мен шырышты қабықтардың жақсы жағдайын қолдау үшін қажет. Ол көз торында қору пурпурының пайда болуына тікелей қатысады – ерекше жарық сезгіш зат. A витамині иммунитетті жасауда белгілі бір рөл атқарады. Бұл витаминнің жетіспеушілігі кезінде ең алдымен сумеркадағы қору өткірлігі төмендейді, балаларда өсудің тежелуі, жұқпалы ауруларға қарсы тұрудың төмендеуі байқалады. A витаминіне бай балық майы, сары май, жұмыртқа сарысы, ірімшік. Каротин өсімдіктің жасыл бөліктері, сондай-ақ көкөністер мен жемістер бай. Дұрыс тамақтаныңыз және сау болыңыз!



Анықтама

Қатысушылар: Ата-ана

Күні: 24.01.2024жыл

Қатысқандар: 2

Қатыспағандар:

Тақырыбы: "Көліктерді тап ойыны

Мақсаты: Көліктерді дауысына қарай тауып, өз ұяшығына орналастыру

Мазмұны:

Ойын іс-әрекеті барысында баламен амандасу. Баланың артикуляциялық аппаратын дайындау мақсатында артикуляциялық жаттығу:

"Күрекше"

"Сағат"

"Жымню"

Баланың тыныс алу аппаратын машықтандандыру. Тыныс алу жаттығулары:

"Тортғың майшамын үрле"

"Футбол"

Саусак жаттығуы:

"Саусақтарым қыдыруда"

"Ақылды айна" инновациясы бойынша дамытушы ойын:

"Көліктер"

Балаға көліктің дыбыстары арқылы көлік түрлерін тануды,табуды үйрету

Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбиemen және оқытумен камтылмаған балалармен логопед Жаһар Нұржанова "Көліктерді тап" ойынын іс – әрекетін жүргізді. Балалар ойындарға жақсы қатысып, сұрақтарға белсене жауап берді.



Хатшы: Сідакова А.А.

Балабақшада балаларды сауықтыру

«Денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің» - деп халық бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы шақта қаланады.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің функцияларын жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру, дене шынықтырудағы ең басты міндет болып табылады. Әр түрлі дене жаттығулары бала организмнің физиологиялық функцияларына қолайлы әсер етеді, оның сыртқы ортаның құбылмалы жағдайларына қалыптасуына көмек береді, бала тәжірибесін жаңа қозғалыстармен байытады. Дене жаттығуы дене шынықтырудағы жетекші құрал болып табылады. Бірақ оларды тек, табиғаттың сауықтырушы күштерімен және гигиеналық факторлармен үйлестіріп, комплексті түрде пайдаланғанда ғана сауықтыру мен тәрбиелеудегі ең жоғары тиімділікке жетуге болады.

Мектепке дейінгі жастағы дене шынықтыру, ол «сезім, зейін, ерік, сұлулық,

Мәдениетті мінез-құлықтың бүкіл мәдениеті»-деп есептеген көрнекті педагог және педиатр Е.А.Аркин өзінің «Мектепке дейінгі жас» деген кітабында.

Дене шынықтыру

Үш жасқа аяқ басқан баланың алғашқы екі жылдығы өсімтал қарқынына қарағанда дене күшінің жетілуі біраз баяулайды, бірақ бүкіл ағзасы катаяып, өседі, нерв жүйесі дамиды, моторикасы өсіп жетіледі.

Баланың бұл жаста белсенділігі дамиды, өз бетімен әрекет етуге тырысады. Заттармен әрекеттер жасауға тырысушылығы сақталады.

Баланың еркін қимылдар жасауы әлі де қалыптаспаған, олардың алған бағыттары мақсатсыз, үнемі кездейсоқ болып келеді. Дегенмен бұл жаста қимыл үлгісімен кейбір ұқсастықты анықтауға болады. Еліктеу бойынша қимылдар жасай отырып, бала қимылдың берілген түрін дәл сақтай алмайды. Бала төңірегіндегі үлкендермен қарым-қатынасын бұрынғыдан да күшейтіп, өзі қатарлы балалармен ойнауға ерекше мән бере бастайды.

Баланың қозғалыс қуаты артқан сайын, ойлау қабілеті күшейе бастайды.

Балалардың денсаулығын нығайту және қорғау жөнінде қамқорлық жасауды, әрбір баланың денесінің жан-жақты дамуы, оның дұрыс эмоциялық көңіл-күйінің, белсенді мінез-құлқының дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Балаларды тапсырылған бағытта қимыл жасауды қадағалауға, тәрбиешінің нұсқауына сай қимылдың бағыты мен сипатын өзгертуге бірте-бірте үйретеді. Бұл

жаста әрекеттерді келісіп істеуге, қимылдарды бір уақытта бастауға және аяқтауға, қимылды ойындарды бірлесіп ойнауға, үлкен адамның ауызша айтуы және көрсетуіне сәйкес жаттығуларды орындауға балаларды үйрету маңызды. Сондай-ақ тәрбиеші балалардың сымбатының қалыптасуына, табан, қол мен саусақ бұлшық еттерінің жетіліп, қалыптасуына жағдай жасайды.

Балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру.

Гигиеналық күтімді жақсарту, денсаулықты нығайту, шынықтыру шараларын қолдану. Өмірін қауіпсіздендіруді қамтамасыз ету және нерв жүйесін қорғау шараларын іске асыру. Шаршау, жалықтыру мен жарақаттанудан алдын-ала сақтандару.

Мәдени-гигиеналық әдеттер мен өзіне-қызмет ету машықтарын қалыптастыру, балалардың дене күшінің үйлесімді дамуына ықпал ету.

Шынықтыру шаралары. Балалардың күнделікті өмірін гигиеналық талаптарға сай ұйымдастыру. Шынықтыру жолдарын-күннің көзін, суды, ауаны пайдалану арқылы комплексті түрде өткізуге болады, бірақ медицина қызметкерінің жетекшілігімен бөлмедегі ауаны үнемі тазарта отырып, әрқашан 20-22 С* ұстау керек.

Күндізгі ұйқыны ауасы таза, желдетілген бөлмеде ұйымдастыру керек. Ауа ваннасы бала күніне бірнеше рет киінгенде, массаж жасағанда бөлмедегі қалыпты ауа температурасының барысында жүргізіледі, ұзақтығы 2-3 минуттан 6-10 минутқа дейін. Ұйқыдан балаларды біртіндеп ояту, жалпылама жаттығулар өткізіледі. Күнделікті шынықтырудың бір түрі-суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. Сумен шынықтыру бөлме температурасы +22*С болғанда жалпы немесе жергілікті шаралар түрінде жүргізіледі. Содан –соң 1-2 апта құрғақ ысқылау жүргізіледі-таза фланель матамен аяқ-қол, дене мүшелерін қызарғанша ысқылау орындалады. Содан соң ылғалды ысқылауға көшеді. Ылғалды ысқылау 1-2 минутқа созылады. Судың температурасын +36*С бастап +26*С жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4-5 күн сайын 2 градусқа төмен).

Рига әдісі: тұзды, түймелі жолдармен жүргізу, нүктелі массаж, тыныс алу жаттығулары да бала ағзасын шынықтыруда пайдасы көп. Тұзды жолдар-1кг тұзға 1л су құйып матаны сол суға батырып сығып жерге төсейді, балалар сол жол үстімен жүріп өтеді де таза суға малынып сығылған мата үстімен жүріп өтеді.

Түймелі жолдар-қатты матаға тігілген түймелер немесе желім бөтелкелердің қақаптары. Бұл жолдар баланың аяқ бұлшық еттерінің дамуына, жалпақтабандылыққа қарсы көмектеседі.

Шынықтырудың тиімді шараларының бірі жалаң аяқ жүру, ыстық күндері басталады. 2-3 мин. 10-12 минутқа дейін бірте-бірте ұзартылады. Содан соң топ бөлмесінде жалаң аяқ жүргізу керек. Жазғы мезгілде ертеңгілік жаттығу, дене шынықтыру сабақтары, спорттық жарыстар мерекелер барлығы да аулада өткізіледі.

Кіші топ балаларына көбіне сауықтыру жаттығулары ұсынылады. Сауықтыру жаттығулары кейбір жекелеген қимылдарды дамытуды білдіреді, олар көбіне иық белдеулеріне (мойын, иық, қол, білек, шынтақ, шынашақ, саусақ), денеге (арқа, іш, көкірек), бөксе белдеулеріне (аяқ, сан, буын, тізе, өкше, табан, тобық) арналады.

Жаттықтыру міндеттері:

Жимыл-қозғалыс қабілеттерін арттыру:

2. Баланың жай-күйі мен дамуының деңгейін ескеріп, оның денсаулығын сақтау мен күшейту;

3. Дене қимылдарын дұрыс орындау мүмкіндігін арттыру.

Шынықтыру міндеттері:

1. Ойын арқылы қимыл-қозғалыс жаттығуларын дұрыс орындай білу;

2. Қимыл түріне арналған негізгі жаттығуларды орындаудың тиімді тәсілдерін меңгеру;

3. Шапшаңдық, жылдамдық сияқты физикалық қабілеттерді арттыруға жағдай жасау;

4. Қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындау біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.

Күн режимін қалай ұйымдастыру керек? Ертеңгілік баланы балабақшаға әкелу уақытының да маңызы бар, ата-ана баланы ертемен оятып, жақсы көңіл күймен келген бала мен ұйқысын қандырмай, кешіктіріп, өзінің де баланың көңіл-күйі жоқ жағдайда келген баланың арасында айырмашылық болады. Ертеңгілік жаттығулардың пайдасы бәрімізге де белгілі, ертеңгі қимыл қозғалыстың үйлесімділігін баланың физикалық дамуына әсер ететін көптеген табиғи факторлар бар. Солардың бірі - серуен. Ауада серуендеу баланың денсаулығы үшін өте маңызды. Бала таза ауада көп болса оның ағзасы оттегіні жай жүргендегіге қарағанда көп сіңіреді. Шиірәк қозғалыста болады, адымдай жүреді, аласа бұтақтан секіреді, сөйлегенде, жүгіргенде қол мен аяқтың қимылын қатар алып икемделеді. Ол үшін қимылды ойындар жақсы. Бала үшін серуенді қызықты ұйымдастыру керек. Жай ғана денсаулықты күшейтіп қоймайды, айналадағы құбылыстарды бақылап, қозқарасы қалыптасады. Ойынды таңдай отырып, жыл мезгілін, ауа райын да ескеруіміз керек. Қыс мезгіліндегі ойындар өте пайдалы, соның өзінде ойын қозғалыстарымен, жаттығулары демалыспен кезектесуі керек. Ыссы ауа- райында ойындар жай қозғалыста болғаны жөн.

Балаларды ертеңгілік жаттығу кезінде 4-5 минут бойы ойын түрінде берілген жаттығуларды орындай білуге үйрету. Бұл ойын түріндегі жаттығулар тәрбиешіге еліктеу арқылы жасалынатын 3-4 жаттығудан тұрады, әр жаттығу 4-5 рет қайталанатын.

Үш жасқа аяқ басқан көптеген балалардың тәрбиешінің ұйымдастырған іс-әрекетіне бірден кірісіп кете алмайтынын ескерсек, олар берілген тапсырманы тиісті уақытында орындай алмайды, мұндай жағдайда тәрбиеші әр балаға жеке, өте нәзік қатынас жасағаны жөн. Әрбір баланың танертеңгі гимнастикаға қалайда қатысуға көндіруге тырыспауы керек. Егер балалардың ішінен біреуі бірден жаттығуларды орындап кете алмаса, оның сөкеттігі жоқ. Мұны баланың өзі еркімен істесе және өзінің жеке қалауы бойынша жасаса ғана маңызды болмақ. Танертеңгі гимнастиканы орындағанда бұл жастағы балаларға белгіленіп алынған аяқталған қалыптың аз болуы тән. Барлық дерлік қимылдар жүйелілікпен жасалады. Мұның өзінен тәрбиешінің түсіндіру мен жаттығуларды көрсету ерекшеліктері анықталады, тәрбиеші дамып келе жатқан ойын сюжетіне қатысушының бірі болып табылады.

Мысалы: «Әтеш пен тауық» деген танертеңгілік гимнастика топтамасын өткізу методикасы мынадай: әтешті, тауықты бейнелейтін суреттер алдын ала

көрсетіліп алынады, тәрбиеші олар жөнінде әңгімелеп береді. Содан кейін топтаманы орындаған кезде тәрбиеші әтешті, балалар тауықты бейнелейді. Жаттығуларды орындау үшін, кіші топ балаларын шеңбер бойына тұрғызу қолайлырақ. Орындалатын әр жаттығуды 4-5 рет қайталауға болады. Жаттығуларды орындау алдында балалардың балалардың денесінің икемділігін дайындау үшін, шеңбер бойлап түрлі қалыпта жүру, жүгіру жаттығулары орындалады.

Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болады. Ас мәзірінің құнарлылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады. Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру, тағамдарды ретімен жеу, үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады.

«Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей бере

Анықтама

Қатысушылар:Балалар

Күні: 20.03.2024жыл

Қатысқандар:5 бала

Қатыспағандар:

Тақырыбы:«Жеті лак»ертегісі

Мақсаты:Балалардың көңіл-күйін көтеру,қызығушылықтарын ояту.

Мазмұны:

Әңгімелесу барысында балалармен ойын ойнады, балалар орындықта отырып тәрбиешімен бірге олең жолдарын қызыға қайталады.

Лак өзінің балаларыг үйіне қалдырып орманға шығады. Ол балаларына есікті қасқыр келсе есікті ашпауды айтады.

Қорытындысы:

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету нәтижесінде балалар балабақшаға қабылданды.Тәрбиеші Умирзакова А топта ертегі көрсетті.Балалар қызығып қарады.

Хатшы: Сидакова А.А.



Анықтама

Қатысушылар:Балалар

Күні: 18.04.2024жыл

Қатысқандар:3 бала

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Музыкалық түрлі аспаптардың үндерімен таныстыру.

Мақсаты:

1. Балаға әр түрлі аспаптардың үндерімен таныстыру.
- 2.Қимыл - қозғалыс мүмкіндіктерін анықтау.
- 3.Музыка тыңдау арқылы түрлі дене қимылдарын жасауға үйрету.(барабанның даусына адымдау, пианиноның үніне қол соғу.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелесу, түсіндіру, дамыта – түзету, қайталау.

Көрнекі-құралдар: магнитофон, дыбыс шығаратын ойыншықтар, суреттер.

I апта

Мазмұны:

Балаға әр түрлі аспаптардың суретін көрсетіп, әр аспаптың әуенімен таныстыру. Музыкадағы(домбыра, гитара,сыбызғы) дыбыстарын аса сезімділікпен тыңдау, естуін, зейінін бақылау.

« Келіндер, билейік!» ойыны

Есту зейінін дамытуды жалғастыру. Мұқият тыңдау арқылы аспаптардан шыққан әуенге дене қимылын жасау.

Музыка тыңдату арқылы дене қимылын жасату.

Босансытып дененді,

Бей-жай күйге ен енді

Басты көтер, тік ұста

Емін – еркін тыныста!



Қорытындысы:

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету нәтижесінде балалар балабақшаға қабылданды. Музыка жетекшісі Ильтаева Ж аспаптарды таныстырып, ойын ойнады. Балалар қызығып қарады.

Хатшы: Сидакова А.А.

Анықтама

Қатысушылар:Ата-ана

Күні:28.05.2024ж

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы:«Сүйікті балабақшам» экскурсия

Мақсаты:Балаларды балабақшадағы сыйластық қарым-қатынас туралы түсінік беру.Онда жұмыс жасайтын қызметкерлер жайында әңгімелеу.Тілдік қорларын дамыту.

Экскурсия барысында балалармен шаттық шеңбері орындалды, топтарды аралады.балалар шеңбер бойына тұрып тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қызыға қайталады. «Сүйікті балабақшамыз» тақырыбындатәрбиеші балаларға төмендегі сұрақтарды қоя отырып әңгіме жүргізді.

- 1.Балабақшада немен ойнағанды ұнатасын?
- 2.Балабақшаның қандай тамағы ұнайды?
- 3.Балабақшада нені тындап үйрендің?
4. Балабақшаның аты қалай аталады?
5. Балабақшадан не үйрендің?

Балалармен «Иә ма, жоқ па?» ойыны ойналды, балабақша қызметкерлері туралы сұрақтар қойылып, олардың қандай жұмыс атқаратындығы туралы балаларға түсіндірілді. Сергіту сәті жасалды және қорытындылау мақсатында сұрақтар қойылып балалар сұрақтарға жауап берді.

Қорытындысы:

Мектепкедейінгітәрбиеменжәнеоқытуменқамтылмаған балалармен әдіскер Изжанова К "Сүйікті балабақшам " тақырыбында экскурсия жүргізді.Балалар ойындарға жақсы қатысып, сұрақтарға белсене жауап берді.

Хатшы: Сидакова А.А.

